

**Баспасөз хабарламасы***Нұр-Сұлтан қ., 21 тамыз 2020 жыл***«ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылдың 1 жартыжылдықтағы «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ компаниялар тобының қорытындылары туралы хабарлайды**

2020 жылдың бірінші жартыжылдығында «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ компаниялар тобы (қатысу үлестерінің 100% «ҚазТрансОйл» АҚ тиесілі) өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда мұнайды ауыстырып тиеуді 18% - ке арттырды. Жүктерді ауыстырып тиеудің жалпы көлемі 3 003 мың тоннаны құрады.

Мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу көлемі 409 мың тоннаға дейін төмендеді, бұл 2019 жылдың бірінші жартыжылдығына қарағанда 16% аз. Бұл Түркменстандағы мұнай өңдеу зауытында жөндеу жұмыстарына, сондай-ақ коронавирустық пандемия салдарынан ақшыл отынға сұраныстың төмендеуіне байланысты азайып отыр. Бұл ретте, «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ компаниялар тобы қазақстандық сұйытылған газды ауыстырып тиеуді өткен жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда 57% - ке, яғни 62 мың тоннаға дейін ұлғайтты.

Мұнай құю жүктерін ауыстырып тиеу көлемінің төмендеуіне қарамастан, 2020 жылғы қаңтар-маусым айларында жүктерді ауыстырып тиеудің жалпы көлемінің өсуі құрғақ жүктерді ауыстырып тиеу көлемінің 124 мың тоннаға (37% -ке), контейнерлік жүктердің 506 мың тоннаға (38% -ке) артуымен байланысты болды. Бұл көрсеткіштер «Батуми теңіз порты» ЖШҚ-ның ірі өңірлік клиенттермен ұзақ мерзімді келісім-шарттар жасасуы және контейнерлермен жеткізілетін автокөлікті оларды кейін ЕАЭО аумағында тіркеп, жеңілдікпен әкелу кезеңін ұзарту арқылы қол жеткізген нәтижелері. Сондай - ақ коронавирус пандемиясына байланысты әуе және теміржол тасымалы көлемінің күрт төмендеуінен, құрғақ жүк көлемінің артуы теңіз маршрутының пайдасына шықты.

«ҚазТрансОйл» АҚ есеп саясатына сәйкес «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ компаниялар тобының шоғырландырылған кірістері 2020 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 21% - ке, яғни 5 047 508 мың теңгеге дейін өсті. Шоғырландырылған шығыстар 4 652 514 мың теңгені құрады, бұл 2019 жылғы ұқсас көрсеткіштен 46% - ке төмен. Есепті кезеңдегі шоғырландырылған таза пайда 395 млн теңгені құрады.

БМТ «Батуми теңіз порты» ЖШҚ-ның 100% үлесіне қатысты айрықша басқару құқығына ие. Мұнайды, мұнай өнімдерін және газды, сондай-ақ өз айлақтарын, технологиялық құбырлары мен резервуарларын пайдалана отырып, оларды қайта өңделген өнімдерін ауыстырып тиеу, қайта айдау, сақтау жөніндегі қызметтерді ұсынады.

\* - Құрғақ жүк шикі қант, минералды тыңайтқыштар, дән, күнбағыс, сусымалы жүк, метал өнімдері, пакеттелген жүк пен т.б. қамтиды.

Анықтама:

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбыры бойынша ҚР ұлттық операторы болып табылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км әртараптандырылған магистральдық мұнай құбыры желісіне иелік етеді. «ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік объектілері Шымкентте, Қарағанды, Павлодар, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарында орналасқан 5 бағыт бойынша қазақстандық мұнай өндіру зауыттарына және экспортқа мұнай тасымалдайды: «Атырау – Самара» және «Қазақстан-Қытай» мұнай құбырлары, Ақтау порты (танкерге мұнай құю), темір жол (цистерналарға құю), ҚҚЖ жүйесіне ауыстырып тиеу.

**Жұртшылықпен байланыс және  
ішкі коммуникациялар департаменті  
«ҚазТрансОйл» АҚ**